Қарқынды қатыру режимі	15
Үнемдеу режимі	16
Заставка режимі	16
Есіктің ашық қалғанын ескерту функциясы	17
Температураны баптау	17
Мұздатқыш камерасының температурасын баптау	17
Температура баптаулары туралы маңызды ескертулер	18
Қосалқы бөлшектер	19
Мұз текшесін дайындау	19
<b>АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ҚҰРАЛ ІШІНЕ ОРНАЛАСТЫРУ</b>	<b>20</b>
<b>ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ</b>	<b>22</b>
Еріту	22
Жарықдиодты жолақты ауыстыру	23
<b>ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ОРНЫН АУЫСТЫРУ</b>	<b>24</b>
<b>САТЫЛЫМНАН КЕЙІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН СЕРВИС ҚЫЗМЕТІНЕ ХАБАРЛАСПАС БҰРЫН</b>	<b>25</b>

## БҰЙЫМДЫ ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА

Жалпы сипаттағы сақтандыру

**САҚТАНДЫРУ:** Кірістіру мұздатқышты пайдалану кезінде ыстық ауа шығатындай желдетілетін жерде болуы қажет.

**САҚТАНДЫРУ:** Еріту процесін жылдамдату үшін өндіруші ұсынбаған жылыту құралдарын немесе басқа да техникалық құралдарды, механикалық құрылғыларды пайдалануға болмайды.

**САҚТАНДЫРУ:** Азық-түлік сақтауға арналған бөліктері ішінде өндіруші ұсынған типке жатпайтын электр құрылғыларын пайдаланбаңыздар.

**САҚТАНДЫРУ:** Салқындатқыш циркуляциясы жүйесін бұзбаңыздар.

**САҚТАНДЫРУ:** Құралдың істен шығуының алдын алу, сонымен қатар пайдалану кезінде жарақат алмас үшін құралды тегіс беткейге орнатыңыз, оны нұсқаулықта берілген тәсілмен бекітіңіз.

**САҚТАНДЫРУ:** Құралды орнату кезінде қорек кабелінің мыжылуын және зақымдалуына жол бермеңіз.



**САҚТАНДЫРУ:** Құрылғының артына электр тасымалдауыш розеткаларын немесе портативті қуат көздерін орнатпаңыз.

### Символ ISO 7010 W021

Жанғыш материалдардың болуына байланысты өрт қаупі бар

- Егер құрылғыда R600a салқындатқышы пайдаланылса, онда тиісті ақпарат компрессорда бар сипаттамасы берілген таңбаламасында көрсетілген. Компрессорға зақым келтірмеу үшін оны тасымалдау және орнату кезінде абай болыңыз. R600a экологиялық таза және қауіпсіз табиғи салқындатқыш болып табылады. Дегенмен, құрылғыны ашық жалын оты немесе қатты жылу көздерінен алыс орнатқан дұрыс. Салқындатқыш сыртқа аққан жағдайда жарылыстың және/немесе тұтанудың алдын алу үшін, ашық жалын көздерінің барлығын жауып, үй-жайды желдету үшін терезелерді бірнеше минутқа ашыңыз.

- Тоңазытқышты тасымалдау және орнату кезінде салқындататын циркуляция жүйесіне зақым келтірмеңіз.

- Мұздатқыш құралы ішіне немесе оған жақын жерге ешқандай жағдайда жарылу қаупі бар заттарды, оның ішінде құрамында тез тұтанатын аэрозоль бар баллондарды сақтамаңыз.

- Құрал тек үйде пайдалануға және төменде келтірілген жағдайларда пайдалануға арналған:

- дүкендердегі, кеңселердегі және басқа да осындай жұмыс аймақтарындағы аспазшы мамандарға.

- саяжай үйлерінде, коттедждерде, қонақ үй нөмірлерінде, мотельдерде немесе басқа да осыған ұқсас орындарда клиенттердің пайдалануына.

- "жартылай пансион" типті қонақ үйлерде.

- бөлшек саудамен байланысы жоқ қоғамдық тамақтану орындарында және осы сияқты мекемелерде.

- Егер құралдың штепсельді ашасы розеткаға сәйкес келмесе, тиісті сервис орталығының білікті маманына хабарласыңыз. Құралды онда көрсетілген кернеуге сәйкес келетін желіге қосыңыз.

- Бұл құралды физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой шектеулері бар тұлғалар немесе жеткілікті түрде тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар (балаларды қоса алғанда) тек осы құралды пайдалану бойынша тиісті нұсқама сабағынан өткен, жеткілікті тәжірибесі мен білімі бар тұлғалардың жауапкершілікті өздеріне ала отырып, бақылауымен пайдалануына рұқсат етіледі. Балалардың тоңазытқышпен ойнамауын қадағалау керек.

- Тоңазытқыштың қуат сымында арнайы жерге тұйықталған штепсель ашасы қолданылады. Бұл штепсель 16 амперге арналған арнайы жерге қосылған розеткамен ғана пайдаланылуы тиіс. Егер сіздің үйіңізде мұндай розетка болмаса, оны орнату үшін тек білікті электрикке хабарласыңыз.

- Құралды осы нұсқаулықтарда көрсетілмеген кез келген басқа мақсатқа пайдалануға тыйым салынады. Құралды шамамен 8 жастан асқан балалар, егер балалар құрылғыны ересектердің бақылауымен қолданса, құрылғыны қолдануға үйретілсе және құрылғыны қолданумен байланысты қауіптер туралы ескертілсе ғана қолдана алады. Құралдың аспабы мен желілік кабелін 8 жасқа дейінгі балалардың қолы жетпейтін жерге орналастыру керек. Балаларға құралмен ойнауға рұқсат бермеңіз.

- Тоңазытқыштан азық-түлікті алуға және оған салуға 3 жастан 8 жасқа дейінгі балаларға рұқсат етіледі. Балалардың құралды тазалау және оған қызмет көрсету бойынша операцияларды орындауы қарастырылмаған, құрылғыны ерте жастағы (0-ден 3 жасқа дейін) балалардың пайдалануына болмайды. Кішкентай балалар (3-тен 8 жасқа дейін) құралды ересектердің тұрақты бақылауында, үлкен жастағы балалар (8-ден 14 жасқа дейін), сондай-ақ дене кемістігі бар адамдар құралды тиісті бақылаумен немесе құралды қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулықтармен егжей-тегжейлі танысқаннан кейін ғана пайдалана алады. Дене кемістігі бар адамдар құралды тек тұрақты түрдегі бақылауда ғана қолдана алады.

- Электр сымы немесе штепсель ашасы зақымдалған құралды пайдаланбаңыз. Құралды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Электр сымы мен штепсель ашасын тек қана уәкілетті сервис орталығында ауыстыру керек.
- Бұл құралды теңіз деңгейінен 2000 м биіктікте пайдалануға болмайды.

#### **Тамақтың былғанбауына жол бермес үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:**

- Тоңазытқыш есіктерін ұзақ уақыт ашық қалдырмаңыз, бұл құрал ішінің температурасының айтарлықтай жоғарылауына әкелуі мүмкін.
- Тамақ тұратын беткейлерін, сонымен қатар қол жететін су ағатын жерлерін де үнемі тазалап отырыңыз.
- Шикі ет пен балықты басқа тағамдармен араласып, оның тамшылары тиіп кетпеуіне немесе түсіп кетпеуіне жол бермеу үшін оларды тоңазытқыштың арнайы контейнерлерінде сақтаңыз.
- Екі жұлдызшамен белгіленген мұздатқыштар алдын ала мұздатылған тағамдарды сақтауға, балмұздақ немесе мұз текшелерін сақтауға және дайындауға арналған.
- Бір, екі немесе үш жұлдызшамен белгіленген мұздатқыштар балғын өнімдерді мұздатуға арналмаған.
- Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт бос болса, оны тоқтан ажыратыңыз, ертіңіз, жуыңыз және құралдың жекелеген бөліктері көгеріп кетпес үшін есіктерді ашық қалдырып кептіріңіз.

#### **Ескі және пайдалануға жарамсыз тоңазытқыштар немесе мұздатқыштар**

- Егер сіздің тоңазытқышыңызда немесе мұздатқышыңызда құлып болса, құрылғыны лақтырмас бұрын оны сындырыңыз немесе алып тастаңыз, себебі кішкентай балалар оның ішінде құлыпталып қалуы мүмкін, бұл қайғылы оқиғаға әкелуі мүмкін.
  - Ескі мұздатқыштар мен тоңазытқыштарда оқшаулағыш материал және ХФУ салқындатқышы бар. Сондықтан ескі тоңазытқыштарды немесе мұздатқыштарды лақтырған кезде қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндігіңізді тексеріп алыңыз.
- Қайта пайдалану, қайта өңдеу және қалпына келтіру үшін электрлік және электронды жабдықтар өндірісінің қалдықтарын жою туралы ақпарат алу үшін жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.




#### **Ескерту:**


- Тоңазытқышты орнату және пайдалану алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз. Құралды дұрыс пайдаланбауға байланысты оған зақым келген жағдайда біз жауапкершілік алмаймыз.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген барлық нұсқамаларды орындаңыз және болашақта туындауы мүмкін проблемаларды шешу үшін оны қауіпсіз жерде сақтаңыз.
- Бұл құрал тек үй ішінде қолдануға арналған және оны тек көрсетілген мақсаттарда пайдалану керек. Ол коммерциялық және басқа мақсаттарда пайдалануға жарамсыз. Құралды басқа жағдайларда пайдалану кепілдік міндеттемелердің жойылуына әкеледі.
- Бұл құрылғы үй ішінде тұрмыстық жағдайда пайдалануға арналған және тек тамақ өнімдерін салқындату/ сақтау үшін жарамды. Ол коммерциялық және басқа мақсаттарда пайдалануға немесе азық-түліктен басқа кез келген материалды сақтауға жарамсыз. Кері жағдайда, біздің компания ықтимал келтірілетін шығындар үшін жауап бермейді.

### Қауіпсіз пайдалануға қатысты ескерту

- Тармақты штепсельді розетканы немесе ұзартқыш ток сымын пайдаланбаңыздар.
- Розеткаға зақымдалған, тозған немесе ескі штепсель ашасын қоймаңыздар.
- Кабельдерді бұрамаңыздар және майыстырмаңыздар, сондай-ақ оларды ыстық беткейлерден біраз қашықтықта ұстаңыздар.




- Құралмен балалар ойнамауға тиіс, балалардың есіктен ұстап тартылуына рұқсат бермеңіздер, кішкентай балаларды қараусыз қалдырмаңыз.
- Электрлік жарақаттануды болдырмау үшін, ашаны сулы қолмен розеткаға қоспаңыз немесе суырмаңыз.
- Мұздатқышта шыны бөтелкелерді, алкогольсіз сусындардың банкаларын сақтамаңыз. Бөтелкелер немесе қаңылтыр банкілер жарылуы мүмкін.
- Қауіпсіздік мақсатында тоңазытқышта жарылғыш немесе тез тұтанатын заттарды сақтамаңыз. Құрамында алкоголь мөлшері жоғары сусындарды мұздатқышта бөтелкенің мойнын мықтап жауып тік күйде сақтаңыз.
- Мұздатқышта қатырылған мұзды алып тастаған кезде оны қолмен ұстамаңыз, өйткені мұздан үсіп қалу және/немесе кесіп кету қаупі болуы мүмкін.
- Қатып тұрған азық-түлікті дымқыл қолмен ұстамаңыз! Балмұздақ пен мұз текшелерін мұздатқыштан алғаннан кейін бірден жеуге болмайды!
- Азық-түлік ерігеннен кейін оны қайтадан қатыруға болмайды. Бұл сіздің денсаулығыңызға кері әсер етуі мүмкін, мысалы тамақтан улану тудыру қаупі бар.
  - Мұздатқыш бөлімінің корпусын немесе үстіңгі бетін жауып қоймаңыз. Ол мұздатқыш камерасының жұмыс сапасына кері әсер етеді.
- Тоңазытқышты тасымалдау кезінде оның қосымша бөлшектерін зақымдап алмас үшін байлап немесе бекітіп қойыңыз.
- Штепсель ашасы адаптерін пайдаланбаңыз.



### Мұздатқыш камерасын орнату және пайдалану

Мұздатқыш камерасын орнатпас бұрын алдымен келесі мәселелерге көңіл аударыңыздар:


- Мұздатқыштың жұмыс кернеуі 50 Гц температурада 220-240В құрайды.
- Біз жерге тұйықтамау салдарынан орын алған зақымдалулар үшін жауапкершілік алмаймыз.
- Мұздатқыш камерасын күн сәулесі тік түспейтін жерге қойыңыз.
- Мұздатқыш ас үй пештерінен, тұмша пештерден және қыздырғыштардан кемінде 50 см, ал электр пештерінен кемінде 5 см қашықтықта орналасуы керек.
- Сіздің мұздатқышыңызды ешқандай жағдайда ашық далада қолдануға немесе жаңбыр астында қалдыруға болмайды.
- Мұздатқыш қатты қатыратын мұздатқыш жанында болған кезде, беткейінде ылғал пайда болмас үшін олардың арақашықтығы кем дегенде 2 см болуы керек.
- Мұздатқыш камерасына ештеңе салмаңыз. Оны қолайлы жерге орнатыңыз, жоғарғы жағынан кемінде 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Реттелетін алдыңғы аяқтарды қажетті биіктікте бекітілуі керек, бұл мұздатқышты берік тұруына ықпал етеді және оның дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Тіректерді сағат тілімен (немесе қарама-қарсы бағытта) бұру арқылы реттеуге болады. Азық-түлікті ішіне салмас бұрын дұрыс тұруын ретке келтіріп алу керек.
- Мұздатқыш камерасын қолданар алдында оның барлық бөліктерін бір шай қасық сода қосылған жылы сумен сүртіңіз, содан кейін таза сумен шайып, құрғатыңыз. Тазалаудан кейін барлық бөліктерді орнына қойыңыз.
- Конденсатордың қабырғаға тиіп кетуіне жол бермеу үшін оны 90° бұрап, арақашықтықты реттейтін пластикалық құрылғысын (артқы жағындағы қара пышақтары бар бөлік) орнатыңыз.





#### **Мұздатқыш камерасын пайдаланғанға дейін**

- Мұздатқышты бірінші рет қолданған кезде немесе оны тасымалдағаннан кейін, тиімді жұмыс істеу үшін мұздатқыш камерасын 3 сағатқа тік күйге қалдырыңыз, содан кейін қуатты қосыңыз. Кері жағдайда, сіз компрессорды зақымдап алуыңыз мүмкін.
- Мұздатқышты бірінші рет қосқанда жағымсыз иіс шығуы мүмкін. Салқындату процесі басталғаннан кейін, иіс кетеді.



#### **Автоматты еру технологиясы туралы ақпарат**

No Frost технологиясы бар тоңазытқыштар басқа статикалық тоңазытқыштардан жұмыс принципімен ерекшеленеді.


Кәдімгі тоңазытқыштарда есіктен және азы-түліктен келетін ылғал мұздатқыш камерасының қатуын тудырады. Мұздатқыш камерасында пайда болған қырау мен мұзды еріту үшін ішінде тұрған, суық күйін сақтауы тиіс азық-түлікті алып-сатуға тура келеді.

No-frost тоңазытқыштарымен бәрі мүлдем басқаша. Құрғақ және суық ауа желдеткіштің көмегімен әр түрлі тесіктері арқылы тоңазытқыш пен оның камераларына біркелкі таралады. Суық ауа тіпті сөрелер арасында біркелкі таралады, барлық азық-түлікті бірдей және біркелкі салқындатады, осылайша олардың ылғалдануы мен қатып қалуына жол бермейді.

Осылайша, No frost тоңазытқышының артықшылығы оның жұмысының қарапайымдылығы, көлемінің үлкендігі және сәнді сыртқы түрімен ерекшеленеді.



## БҰЙЫМ БӨЛШЕКТЕРІ МЕН ОНЫҢ БӨЛІМДЕРІ




Бұл құжат құралдың бөлшектері туралы ақпарат үшін ғана ұсынылады. Бөлшектер құралдың моделіне қарай болады.

1. Басқару панелі
2. Мұздатқыш камерасының үстіңгі есігі
3. Мұздатқыш камерасының суырма жәшіктері/мұздатқыш камерасының есіктері
4. Мұздатқыш камерасының суырма жәшіктері
5. Ice matic \*
6. Мұз науасы \*
7. Мұздатқыш камерасының жарықдиодты лентасы \*
8. No Frost ауа ағыны жүйесі

\* кейбір модельдерде

## ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

### Дисплей және басқару панелі




#### Басқару панелін пайдалану

1. Ақаулар туралы ескерту индикаторы
2. Мұздатқыш камерасының орнататын температура мәні көрсетілетін экран.
3. Қарқынды қатыру режимінің индикаторы
4. Мұздатқыш камерасының баптауларын өзгертуге және қарқынды мұздату режимін орнатуға мүмкіндік береді. Мұздатқыш камерасында -16, -18, -20, -22, -24 °C температураларын, сондай-ақ қарқынды мұздату режимін орнатуға болады.
5. Қажет болса, үнемдеу режимін іске қосуға мүмкіндік береді.
6. Үнемдеу режимінің индикаторы

#### Мұздатқыш камерасын пайдалану

##### Қарқынды мұздату режимі

##### Ол қалай қолданылады?



Мұздатқыш камерасындағы орнату батырмасын (басқару панелі сызбасында №4) дисплейде (№3) қарқынды мұздату белгісін көргенше мұздатқыш батырмасын басып ұстап тұрыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі. Режим орнатылады.

#### Бұл режимде:

- «Үнемдеу» режимін орнатуға болмайды
- Қарқынды мұздату режимін өшіру үшін осы режимді қосу операциясын қайталаңыз.

#### Үнемдеу режимі



#### Ол қалай қолданады?

- Үнемдік режим белгісі пайда болғанша РЕЖИМ батырмасын басыңыз (Басқару панелі сызбасында №5).
- Егер 1 секунд ішінде қандайда бір батырма басылмаса, Режим орнатылады. "Үнемдеу" режимнің символы (№6) 3 рет жыпылықтайды. Режимді орнатқаннан кейін дыбыстық сигнал беріледі.
- Мұздатқыш камерасының баптаулар экранында (№2) "E" белгісі пайда болады.
- "Үнемдеу" режим белгісі және "E" белгісі осы режим қосылған уақыт ішінде жанып тұрады.

#### Бұл режимде:

- Мұздатқыш камерасының жұмыс режимін реттеуге болады. Үнемдеу режимін өшіргеннен кейін таңдалған баптаулар бойынша жұмыс басталады.
- Сіз қарқынды мұздату режимін таңдай аласыз. Үнемдеу режимі автоматты түрде өшеді және таңдалған режим іске қосылады.
- Болдырмау үшін "Режим" батырмасын басыңыз.

#### Заставка режимі

##### Мақсаты

Бұл режим пайдаланылмаған кезде басқару панеліндегі индикаторды өшіру арқылы Энергия үнемдеуге көмектеседі.

##### Пайдалану тәртібі

- Энергия үнемдеу режимі 30 секундтан кейін автоматты түрде іске қосылады.
- Егер басқару панелінде индикация болмаған кезде кез келген түймені бассаңыз, дисплейде ағымдағы параметрлер көрсетіледі, бұл сізге қажетті өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

• Егер экранды күтіп-ұстау режимі өшірілмесе немесе 30 секунд ішінде қандайда бір батырма басылмаса, басқару панелінің көрсеткіші өшірілген күйін сақтайды.

#### Энергия үнемдеу режимін алып тастау үшін

• Энергия үнемдеу режимін алып тастау үшін алдымен батырмаларды іске қосуға кез келген түймені басып, сосын "M" режиміндегі батырманы (№ 5) басып 3 секунд ұстап тұрыңыз.

• Экранды үнемдеу режимін қайта іске қосу үшін "M" режиміндегі батырманы (№ 5) басып 3 секунд ұстап тұрыңыз.

#### Есіктің ашық қалғанын хабарлау функциясы

Егер мұздатқыш камерасының есігі 2 минуттан артық ашық қалса, құрал дыбыстық сигнал береді.

#### Температураны баптау

##### Мұздатқыш камерасының температурасын баптау

• Мұздатқыш камерасының баптаулар индикаторындағы бастапқы температура: -18 °C.



- мұздатқыш камерасын орнату батырмасын бір рет басыңыз (басқару панеліндегі кестеде №4)
- Осы батырманы бірінші рет басқанда соңғы қойылған мән шығатын болады.
- Осы батырманы әр басқан сайын тапсырылған температура төмендейтін болады (-16 °C, -18 °C, -20 °C, -22 °C, -24 °C, қарқынды мұздату).
- Егер сіз мұздатқыш камерасын орнату батырмасын қарқынды мұздату символы (№3) шыққанға дейін басатын болсаңыз және 1 секунд ішінде басқа батырмаларды баспаған болсаңыз, қарқынды мұздату режимінің индикаторы жыпылықтай бастайды.
- Егер сіз осы батырманы басуды жалғастыра берсеңіз температура мәні қайтадан -16 °C температурасынан бастап өзгере бастайды.
- «Қарқынды мұздату» немесе «Үнемдеу» режимдерін қосу алдында берілген температура олар аяқталғаннан кейін немесе болдырылмағаннан кейін қайта қалпына келеді және сақталады. Құрал берілген температуралық режимде жұмысын жалғастыра береді.

#### Мұздатқыш камерасы үшін ұсынылатын температуралар

Реттейтін кездер	Ішкі температура (°C)
Аз ғана қатыру үшін.	-16, -17
Қалыпты пайдалану жағдайында	-18, -19, -20, -21
Қатты түрде қатыру керек болған жағдайда.	-22, -23, -24

#### Температура баптаулары туралы маңызды ескертулер

- Басталған баптау аяқталғанға дейін келесі баптауды орындауды бастамаңыз.
- Температураны орнату есіктің ашылу жиілігіне, ішінде сақталатын өнімдердің көлеміне және мұздатқыш камерасы орнатылған бөлмедегі температураға сәйкес жүзеге асырылады.
- Электр желісіне қосылғаннан кейін толығымен салқындату үшін мұздатқыш шамамен 24 сағат үзіліссіз жұмыс істеуі керек (қоршаған орта температурасына байланысты).
- Осы кезеңде мұздатқыштың есіктерін мүмкіндігінше аз ашыңыз және оған тым көп азық-түлік салмаңыз.
- Мұздатқыш компрессорының тоқтан ажырату және қайта қосу немесе электр қуатының үзілуі кезінде зақымдалуын болдырмау үшін 5 минуттық кідіріс функциясы пайдаланғаныңыз дұрыс. Мұздатқыш камерасы 5 минуттан кейін қалыпты режимде жұмыс істей бастайды.
- Мұздатқыш камерасы заттаңбадағы климаттық класқа сәйкес стандарттарда көрсетілген қоршаған орта температурасының диапазонында жұмыс істеуге арналған. Салқындатуды тиімді пайдалану үшін мұздатқышты көрсетілген диапазоннан тыс пайдалануға болмайды.

Климаттық класс	Қоршаған орта температурасы (°C)
T	16 бастап 43 (°C) дейін
ST	16 бастап 38 (°C) дейін
N	16 бастап 32 (°C) дейін
SN	10 бастап 32 (°C) дейін

• Бұл өнім 10 °C-тан 43 °C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған.

## Қосалқы бөлшектер

### Мұз текшелерін дайындау

#### Мұз науалары (кейбір модельдерде)

- Мұзға арналған қалыпты сумен толтырыңыз және оны мұздатқыш бөліміне салыңыз.
- Су толығымен мұзға айналғаннан кейін, сіз мұз текшелерін алу үшін суретте көрсетілгендей қалыпты төңкеріп ала аласыз.




#### Icematic (кейбір модельдерде кездеседі)

- Мұз дайындауға арналған науаны алыңыз
- Су толтырыңыз
- Мұзға арналған науаны орнына қойыңыз
- Су қатқаннан кейін тұтқаны бұраңыз, мұз текшелері мұзға арналған қорапқа түседі.

#### Ескерту

- Мұз жасау үшін мұз қорабына су құймаңыз. Бұл оны зақымдауы мүмкін.
- Мұздатқыш жұмыс істеп тұрған кезде мұз ыдысын алу қиын болуы мүмкін. Бұл жағдайда шыны сөрелерді алып тастау керек.



#### Мұз әзірлеуге арналған науаны алу

- Мұздатқыш камерасының шыны сөрелерін алыңыз.
- Мұздатқыш камерасында қосымша орын қалдыру үшін де науаны алып тастауға болады.

**Қосымша керек-жарақтар туралы бөлімнің визуалды және мәтіндік сипаттамалары құрылғы моделіне байланысты өзгеруі мүмкін.**

## ҚҰРАЛ ІШІНЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК ОРНАЛАСТЫРУ

- Мұздатқышты қатырылған азық-түлікті ұзақ уақыт сақтау және мұз жасау үшін пайдаланыңыз.
- Мұздатқышқа жаңадан қойғыңыз келген азық-түлікті, бұрыннан қатып тұрған азық-түлік жанына қоймаңыз.
- Жаңа өнімдерді мұздату кезінде (мысалы, ет, балық немесе бөліш толтыру), оларды бір рет пісіру үшін бөліктерге бөліңіз.
- Мұздатылған азық-түлікті сақтау: мұздатылған азық-түлік қаптамасындағы нұсқауларды әрдайым мұқият орындау керек. Егер нұсқаулар болмаса, сатып алынған күннен бастап 3 айдан астам уақыт бойы азық-түлік өнімдерін мұздатылған күйде сақтауға болмайды.
- Максималды жүктеме: егер сіз тоңазытқышта көптеген азық-түлікті орналастырғыңыз келсе және таза сыйымдылықты барынша пайдаланғыңыз келсе, тоңазытқыштан тартпаларды алып тастауға болады (төменнен басқа). Көлемді азық-түлікті тікелей сөрелерде сақтауға болады.
- Мұздатылған тағамды сатып алғанда, азық-түліктің қажетті температурада мұздатылғанына және қаптаманың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Мұздатылған азық-түлікті өнімнің сапасын сақтау үшін тиісті контейнерлерде тасымалдау керек. Мұздатқыш камераға азық-түлік орналастырылуы тиіс уақыт барынша қысқа болады.
- Егер мұздатылған азық-түліктің қаптамасында ылғалдың іздері болса, сондай-ақ оның ісінуі байқалса, бұрын бұл өнімдер қолайсыз температурада сақталған және өнімдердің құрамы жарамсыз болуы мүмкін.
- Мұздатылған азық-түліктің жарамдылық мерзімі бөлме температурасына, термостатты реттеу параметрлеріне, есіктің қаншалықты жиі ашылғанына, тағамның түріне және дүкеннен үйге дейін тасымалдауға кететін уақытқа байланысты болады. Өрқашан азық-түлік пакетінде көрсетілген нұсқауларды орындаңыз және максималды сақтау мерзімінен ешқашан асырмаңыз.
- Егер сіз тоңазытқышты мұздатудың максималды өнімділігін қолдансаңыз
- Егер сіз тоңазытқышта шамамен 3 кг азық-түлікті қатырсаңыз:
- онда сіз азық-түлікті басқа мұздатылған заттарға тигізбестен орналастыра аласыз және "Жылдам қатыру" режимін қосуыңызға болады. Қатырылған тағамдарды қатып тұрған азық-түлік жанына олар қата салысымен бірден қоюға болады (мұздатудың ең аз уақыты – 24 сағат).
- Мұздатылған азық-түлікті ерігеннен кейін қайта қатырмаңыз. Бұл денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін, мысалы, тамақтан улану орын алуы ықтимал.
- Ыстық тағамдарды алдын ала салқындатпай тоңазытқышқа салмаңыз. Бұл мұздатқышта бұрын мұздатылған тағамның бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Мұздатылған азық-түлікті сатып алғанда, олардың тиісті жағдайда қатырылғанына және сыртқы орамының бүлінбегеніне көз жеткізіңіз.

- Азық-түлікті сақтау кезінде мұздатылған тағамның қаптамасында көрсетілген сақтау нұсқауларын орындаңыз. Егер нұсқаулар болмаса, өнімді қысқа мерзімде тұтыну керек.
- Егер мұздатылған азық-түлік орамасы дымқылданып тұрса және иісі нашар болса, онда ол дұрыс емес жағдайда сақталып, құрамы бұзылған болуы мүмкін. Мұндай өнімдерді сатып алмаңыз!
- Мұздатылған азық-түліктің жарамдылық мерзімі сыртқы температураға, есіктің ашылу жиілігіне, термостатты реттеу параметрлеріне, азық-түлік түріне және оны дүкеннен тасымалдауға және оны тоңазытқышқа орналастыруға кететін уақытқа байланысты болады. Өрқашан пакетте көрсетілген нұсқауларды орындаңыз және сақтау мерзімінен аспаңыз.

## ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



- Тазалау алдында, құралды қуат көзінен ажыратыңыз.



- Тоңазытқыш камерасын ағынды сумен жумаңыз



- Мұздатқышты уақыт өте келе жылы сумен бикарбонатты натрий ерітіндісімен тазартып отыру қажет.



- Қосалқы жабдықты сабынды су ерітіндісімен бөлек тазалаңыз. Оларды ыдыс жуу машинасында жууға болмайды.



- Тоңазытқышты тазалау үшін коррозияны тудыратын жанғыш, жарылғыш немесе агрессивті материалды, мысалы, еріткіштерді, газдарды, қышқылдарды ешқашан пайдаланбаңыз. Тазалау аяқталғаннан кейін мұздатқыштың розеткалық ашасын құрғақ қолыңызбен электр желісіне қайта қосыңыз.




- Электр қуатын үнемдеу және жұмыс өнімділігін жақсарту үшін жылына кем дегенде бір рет конденсаторды щеткамен тазарту қажет.

### ЭЛЕКТР РОЗЕТКАСЫ ТОҚ КӨЗІНЕН АЖЫРАТЫЛУЫ КЕРЕК

#### Еріту

- Тоңазытқыш автоматты түрде ериді. Су арнайы ыдысқа жиналып, автоматты түрде буланады.
- Су контейнерін тазаламас бұрын, қуат көзі өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Бұрандаларды суретте көрсетілгендей бұрап, су контейнерін шығарыңыз. Сабынды сумен тазалаңыз.



**Бұға  
айналдыруға  
арналған ыдыс**

### Жарықдиодты жолақты ауыстыру

Жарық беруге арналған мұздатқыш камерасында 1 жарықдиодты жолақ пайдаланылады. Қызмет көрсету бойынша маманға хабарласыңыз.

**Ескерту.** Жарықдиодты жолақтың саны мен орналасқан жері моделіне байланысты болады.

**!!! Кейбір модельдерде бұл жарық болмауы мүмкін.**



**Жарықдиодты жолақ**

## ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ОРНЫН АУЫСТЫРУ



- Зауыттан шыққан орамы мен пенопластты (ПП) егер қажет болса, сақтап қоюға болады.
- Тасымалдау кезінде мұздатқыш камерасы бекітетін лентамен немесе қатты жіппен байлануы тиіс. Тасымалдау кезінде қорапта көрсетілен нұсқауларды қатаң түрде орындау керек.

• Жылжымалы бөлшектерді (сөрелер, қосалқы құралдар, көкөністерге арналған контейнерлер және т.б.) соққы алуын болдырмас үшін тасымалдау кезінде немесе қайтадан орнатқанда лента көмегімен бекіту немесе алып тастау қажет.

### **Есіктерін ауыстыру**

- Егер мұздатқыш камера есігінің тұтқалары есіктің алдыңғы бетінде орналасқан болса, онда құрылғы есігінің ашылу бағытын өзгерту мүмкін емес.
- Тұтқалары жоқ модельдердегі есіктің ашылу бағытын өзгертуге болады.
- Егер мұздатқыш камерасының есігін ашу бағытын өзгертуге болатын болса, жақын орналасқан авторландырылған сервистік қызметке жүгіну қажет.

**САТЫЛЫМНАН KEЙІНГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМІНЕ ХАБАРЛАСПАС БҰРЫН**

<b>АҚАУ КОДЫ</b>	<b>МӘНІ</b>	<b>СЕБЕБІ</b>	<b>ШЕШІМІ</b>
E01	Датчик сигналы		Сервис орталығына тезірек хабарласыңыз
E02	Датчик сигналы		Сервис орталығына тезірек хабарласыңыз
E03	Датчик сигналы		Сервис орталығына тезірек хабарласыңыз
E06	Датчик сигналы		Сервис орталығына тезірек хабарласыңыз
E07	Датчик сигналы		Сервис орталығына тезірек хабарласыңыз
E08	Қорек кернеуінің төмендеуі туралы сигнал	Құрылғының Қорек көзінің қуаты 170 Вт дейін төмендеп кеткен	Бұл құрылғының ақауы емес, бұл компрессордың зақымдалуына жол бермейді. Кернеуді қажетті деңгейге көтеру керек. Егер бұл ескерту сигналы жоғалмаса, уәкілетті техникалық маманға хабарласыңыз.
E09	Мұздатқыш камерасындағы төмен температура жеткіліксіз	Мүмкін ол қорек кернеуі ұзақ уақыт болмауы себебінен болуы мүмкін.	1. Мұздатқышта төменгі температураны орнатыңыз немесе қарқынды мұздату режимін қосыңыз. Температура қажетті мәнге жеткенде қате коды жоғалып кетуі керек. Қажетті температураға жету уақыты ұзармауы үшін есіктер жабық болуы тиіс. 2. Тоңазытқышта ақау болған уақытта еріген барлық азық-түлікті алып тастаңыз. Оларды тезірек тұтынған дұрыс. 3. Мұздатқыш камерасына дұрыс температура орнағанға дейін және қате кеткенге дейін балғын азық-түлікті салмаңыз. 4. Егер бұл ескерту сигналы жоғалмаса, уәкілетті техникалық маманға хабарласыңыз.

Егер сіздің мұздатқыш камерасы дұрыс жұмыс істемесе, оның себептері оңай жөндеуге келетін болуы мүмкін. Сондықтан, мамандарға хабарласпас бұрын, ақша мен уақытты үнемдеу үшін мыналарды тексеріңіз:

**Егер құрал жұмыс істемесе не істеу керек;**

**Төмендегілерді тексеріңіз (ықтимал себептер);**

- электр желісі кернеуінің болуы;
- Сіздің үйіңіздегі электр көзін қосу құралы өшірулі;
- Электр розеткасы бұзылған; Тексеру үшін кез келген тексерілген жұмыс істейтін құрылғыны розеткаға қосып көріңіз.

**Егер құрал дұрыс жұмыс істемесе не істеу керек:**

**Төмендегілерді тексеріңіз (ықтимал себептер);**

- Мұздатқыш камерасы ішіндегі азық-түлік шамадан тыс көп;
- Мұздатқыш камерасының температурасы – 16 белгіленген.
- Есіктер мықтап жабылғандығын тексеру керек;
- Конденсаторда шаң тұрып қалмауын қарау керек;
- Артқы қабырға мен арты беті арасындағы қашықтық жеткілікті болуын тексеру керек,

**Егер құрал шуылдаса;**

**Қалыпты шу**

**(Мұздың) шытынауы**

- Автоматты еру уақытында.
- Құрал салқындаған немесе қызған кезде (құрал құрамына кіретін материалдардың кеңеюіне байланысты).

### **Қысқа шытынау**

Термостат компрессорды қосуы немесе өшіруі естіледі.

### **Компрессор шуы**

#### **Мотордың қалыпты шуы**

Бұл шу компрессордың жақсы жұмыс істейтінін білдіреді. Іске қосылғаннан кейін біраз уақыт ішінде компрессор қатты шу шығаруы мүмкін.

#### **Буырқану және шашырау**

Бұл шу жүйенің құбырлары арқылы салқындатқыштың ағуынан болады.

#### **Аққан су шуы**

Мұндай шу, әдетте, еріген кезде буландыратын контейнерге ағып жатқан судан естіледі. Бұл шу еріту кезінде пайда болады.

#### **Ауа ағынының шуылы**

Желдетудің әдеттегі шуылы. Бұл шу автоматты еріту функциясы бар мұздатқышта ауа айналымына байланысты жүйенің қалыпты жұмысы (No-Frost) кезінде болады.

#### **Егер есіктің жанында мұздатқыштың жиектері жылы болса**

Есіктің іргелес беті компрессор жұмыс істеген кезде, әсіресе жаз мезгілінде (ыстық ауа-райында) жылуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

#### **Егер мұздатқыштың ішінде ылғал жиналса мыналарды тексеріңіз:**

- Азық-түлік дұрыс қаптамада ма? Мұздатқышқа салмас бұрын контейнерлер кептірілді ме?
- Мұздатқыш камерасының есігі жиі ашылды ма? Есікті жиі ашқан сайын бөлмедегі ылғал мұздатқыштың ішіне түседі. Егер сіз есіктерді жиі ашсаңыз, әсіресе бөлмеде ылғалдылық деңгейі жоғары болса, ылғал тезірек жиналатын болады.

#### **Егер есік жақсы ашылмаса және жабылмаса, мыналарды тексеріңіз:**

- Қапталған азық-түліктер есіктің жабылуына кедергі келтіре ме?
- Тартпалары дұрыс орнатылған ба?
- Есіктің топсалары қандай күйде (сынған, тозған)?
- Мұздатқыш камерасы тегіс жерде тұр ма?

#### **Ұсыныстар**

- Құралды толығымен өшіріп қойғанға дейін оны қуат көзінен розетканы ажыратыңыз (тазалау және есікті ашық қалдыру үшін)

### **Энергияны үнемдеу бойынша кеңестер**

1. Құралды салқын, жақсы желдетілетін бөлмеде орнатыңыз, онда күн сәулесі тікелей түспеуі керек, жылу көздерінен алыс (жылыту батареялары, плиталар және т.б.) жерледе орналасуы керек. Олай болмаған жағдайда оқшаулау панелін пайдаланған дұрыс.
2. Ыстық тамақтар мен сусындарды мұздатқышқа қоймас бұрын салқындатып алыңыз.
3. Сусындар мен сұйық өнімдерді қойған кезде олар жабық күйде сақталуы керек, олай болмаса тоңазытқыш ішіндегі ылғалдылық жоғарылайды және салқындату уақыты арта түседі. Сондай-ақ, сусындар мен сұйық өнімдерді жабық түрде сақтау олардың иісі мен дәмін сақтауға көмектеседі.
4. Азық-түлік және сусындарды салған кезде есікті көп ашпауға тырысу керек.
5. Есіктің нығыздағыштары таза және икемді болуы керек. Төсемелер тозған жағдайда оларды ауыстыру қажет.



